

1999 жылға арналған мемлекеттік бюджетті әзірлеу үшін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 18 тамыз N 783

"1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 шілдедегі N 703 P980703_ қаулысының 2-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті (1-қосымша) мен жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын жергілікті атқару органдарына (2-қосымша) арналған бағдарламалар мен кіші бағдарламалардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті: 1998 жылдың 15 тамызына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен келісім бойынша 1 және 2-қосымшаларға сәйкес тізбелер бойынша Комитеттің мемлекеттік тапсырыстарды қалыптастыру жөніндегі әдістемелік құжаттарды бекітсін; бір айлық мерзім ішінде қолданылып жүрген нормативтік құқықтық

актілерді осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныстар дайындасын және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне 1998 жылдың 1 желтоқсанына дейін мерзімде Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетімен келісім бойынша облыстық, қалалық, аудандық бюджеттердің және арнайы экономикалық аймақтардың бюджеті есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің тізбесін бекіту ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республика
Үкіметінің

1998 жылғы 18 тамыздағы

№ 783 қаулысына

1-қосымша

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын
Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің
бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесі

N	Атаулар	1998 жылы	1999 жылға
		қаржыландыру	арналған
		нысаны	қаржыландыру
		нысаны	
1	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер		
	Республикалық деңгейде орындалатын	Ұстауға	Көрсетілген
	мемлекеттік тапсырыстар		қызметтер
	Табиғи және техногендік сипаттағы		үшін
	төтенше жағдайлар саласындағы қолдан-		
	балы ғылыми зерттеулер		
2	Қорғаныс		
	Республикалық деңгейдегі әкімшілік	Бұл да	Ұстауға
	шығыстар		
	Орталық органның аппараты		
	Аумақтық органдардың аппараты		
	Табиғи және техногендік сипаттағы		
	төтенше жағдайларды жою		
	Мемлекеттік мекемелер		
	Алматы қаласындағы республикалық		
	жедел-құтқару жасағы		
	Алматы қаласындағы химиялық-		
	радиометрикалық қызмет		
	Қапшағай қаласындағы әскери бөлім		
	Алматы облысының Үшарал қаласындағы		
	әскери бөлім		
	Алматы облысының Үшарал қаласындағы		
	азаматтық қорғаныс әскери бөлімі		

	Селден қорғау объектілерін пайдалану		
	Мемлекеттік мекемелер		
	"Қазселденқорғау"	Бұл да	Ұстауға
	Республикалық деңгейде орындалатын	Бұл да	Көрсетілген
	мемлекеттік тапсырыстар		қызметтер
	Селден қорғау объектілерін дамыту		үшін
	Ақпараттық-есептеу қызметін көрсету		
	Ғимараттарды күту және қызметкерлердің		
	қызметін қамтамасыз ету		
4	Білім беру		
	Республикалық деңгейде орындалатын	Көрсетілген	Бұл да
	мемлекеттік тапсырыстар	қызметтер	
	Аппараттың кадрларын қайта даярлау	үшін	
	Мемлекеттік мекемелердің кадрларын		
	қайта даярлау		
	Жоғары оқу орындарында кадрларды		
	даярлау		

Қазақстан Республика
 Үкіметінің
 1998 жылғы 18 тамыздағы
 N 783 қаулысына
 2-қосымша

Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын жергілікті атқару
 органдарының бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының
 тізбесі

N	Атауы	1998 жылы	1999 жылға
		қаржыландыру	арналған
		нысаны	қаржыландыру
			нысаны

2	Қорғаныс		
	Төтенше жағдайлар жөніндегі штабтардың	Ұстауға	Орындалатын
	жұмыстарын ұйымдастыру		жұмыстардың

			көлемі бойынша
	Төтенше жағдайларды жергілікті деңгей-	Бұл да	Ұстауға
	де жою		
	Мемлекеттік мекемелер		
	Өртке қарсы қызмет		
	Суда құтқару қызметі		
	Жергілікті деңгейде орындалатын	Бұл да	Көрсетілген
	мемлекеттік тапсырыстар		қызметтер
	Материалдық-техникалық құралдармен		үшін
	қамтамасыз ету		
	Ғимараттарды күту және қызметкерлердің		
	қызметін қамтамасыз ету		